

# Бірлікті насихаттаған кафедра

**M.Қозыбаев атындағы СҚУ-дың Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы құрылғанына 10 жыл толған мереітойын атап өтті. Осы жылдар аралығында кафедра – университет ішінде және одан тыс жерлерде түсіністік пен сенім алаңына айналып үлгерген.**

Бұгінде кафедра көпэтносты еліміздің мәдени-тарихи мұрасын сақтау және насихаттау бойынша тұрақты түрде ауқымды жұмыс жүргізіп келеді.

– 2014 жылдың қазан айында Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде “Қазақстан халқы Ассамблеясы” кафедрасы ашылды. Содан кейін дәл мұндан кафедраның тұсауы Қызылжардағы білім ордасында кесілді. Біз 40 оқу орнымен әріп-



тестік орнаттық. Арадағы қарым-қатынас аясында үнемі тәжірибе алмасып тұрамыз, – деді

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ “Қазақстан халқы Ассамблеясы” кафедрасының мәнгерушісі

Наталья Калашникова.  
Аталған жоғары оқу орнында Қазақстан халқы Ассамблеясы

кафедрасы республикада алғашқылардың бірі болып құрылды. Бұл кафедраның білім беру, ғылыми-әдістемелік және тәрбиелік атты үш тұғырлы міндеті бар. Мұнда университет оқытушылары, студенттері және басқа да үйімдердің өкілдері ерікті негізде қызмет атқарады.

Шараның құрметті қонақтары “Манаш Қозыбаев” медалімен марапатталды. Сонымен қатар кафедраның ғылыми-әдістемелік бірлестігінің белсенді мүшелерінің, оқытушылар мен қызметкерлерінің де еңбегі бағаланды. Салтанатты жыннан соң қонақтарға Достық үйіндегі этномәдени орталықтарға экскурсия үйімдастырылды. Меймандар өз жетістіктері туралы айттып, музикалық қабілеттерін көрсетті.

**Ләзиза МЫРЗАНТАЙҚЫЗЫ,**  
“Soltüstik Qazaqstan”.